

## Тауарлардың шыққан елін анықтау тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 10 желтоқсан N 612-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 15 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1002. Күші жойылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 21 бұйрығымен. ~V011446

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, сондай-ақ тарифтік және бейтарифтік реттеу шараларын қолдану кезінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлардың шыққан елін анықтау мәселелерін реттеу мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың шыққан елін анықтау тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін.
2. Құқықтық қамсыздандыру басқармасы (Г.А. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Кеден істері Бас басқармасы (Б.А. Жұмабеков) осы бұйрықтың жүзеге асуын қамтамасыз етсін.
4. Баспасөз қызметі (Г. Исахан) осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Кеден комитеті Төрағасының орынбасары Д.А. Құнанбаевқа жүктелсін.
6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің  
1999 жылғы 10 желтоқсандағы  
N 612-Б бұйрығымен бекітілді

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін  
тауарлардың шыққан елін анықтау тәртібі туралы  
Нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368 \_ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға тарифтік және бейтарифтік реттеу шараларын қолдану мақсатында жасалды.

2. Заңның 141-бабына сәйкес тауардың шыққан елі болып тауар толығымен шығарылған немесе Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген критерийлерге сәйкес жеткілікті ұқсатуға түскен ел есептеледі.

3. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауардың шыққан елі кеден органдарымен экспорт елінің уәкілетті органы берген тауардың шығу сертификатының (бұдан әрі - сертификат) және әкелінетін тауарларды мағлұмдау кезінде мағлұмдаушы тапсырған тауарға ілеспе құжаттардың негізінде анықталады.

4. Тауардың шығу сертификаты Заңның 144-бабында белгіленген жағдайларда ғана тапсырылады.

5. Сертификат көрсетілген тауардың тиісті елден шыққанын мағыналы куәландыруға және онда Заңның 145-бабында көрсетілген мәліметтер болуға тиіс

6. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары Кеңесінің 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Шешіміне сәйкес сертификатта тауар туралы мынадай қажетті мәліметтер болуы тиіс:

- 1) экспорттаушының толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) импорттаушының атауы мен мекен-жайы;
- 3) тауарды сәйкестендіру үшін қажетті барлық мәліметтер бар тауардың атауы (бейнесі);

- 4) тасымалдау құралдары мен жүру маршруты;
- 5) орындар саны, сондай-ақ ораманың сипаты, таңбалану мен нөмірленуі;
- 6) жалпы және таза салмағы.

6. тармақшаның көрсеткіштері тасымалдау кезінде тауардың салмағы айтарлықтай өзгерген болса немесе бірліктер стандартты түрде тауардың аталған түрме қолданылатын болса, бірліктердің саны немесе көлемі сияқты басқалармен ауыстырылуы мүмкін.

7. Халықаралық келісімдермен сертификаттағы мәліметтер туралы өзге талаптар белгіленуі мүмкін.

8. Дамушы және/немесе кемірек дамыған елдерден шығарылатын және әкелінетін тауарларға кеден тарифі бойынша преференцияларды қолдану кезінде мұндай тауарларды кедендік ресімдеу кезінде мағлұмдаушы кеден органдарына "А" нысанындағы тауардың шыққан елі туралы Сертификат тапсыруға тиісті (қосымша).

Қазақстан Республикасының еркін сауда туралы келісімдер жасасқан елдерден шыққан тауарларды кеден бажын салудан босату кезінде мұндай тауарларды кедендік ресімдеу кезінде мағлұмдаушы кеден органдарына халықаралық келісімдермен белгіленген СТ-1 нысанындағы тауардың шыққан елі туралы Сертификат тапсыруға тиісті (2 қосымша).

9. Кеден органдарында сертификаттарды куәландыруға уәкілетті ұйымдардың бланкілері үлгілерінің, мөрлердің, тұлғалар қолдары бедерлемелерінің болуы Қазақстан Республикасының кеден органдарында тауарлардың шығу сертификаттарын қабылдаудың шарттары болып табылады. Жоғарыда аталған мәліметтер шығарылған елдің уәкілетті органдарынан ресми түрде алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен Қазақстан Республикасының кеден органдарына беріледі.

10. Сертификат Қазақстан Республикасының кеден органдарына бастырылған түрде, тауардың шыққан елінің тілінде түзетулерсіз тапсырылады, егер өзге Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық келісімдермен қарастырылмаған болса.

Қажет болған кезде Қазақстан Республикасының кеден органдары сертификаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылуын талап етулері мүмкін.

11. Сертификат Қазақстан Республикасының кеден органдарына кедендік ресімдеу кезінде, кедендік мағлұмдамамен және өзге құжаттармен бірге тапсырылады. Сертификат жоғалған кезде түпнұсқа сертификатты берген органмен ресми куәландырылған оның дубликаты (көшірмесі) қабылданады.

Тауарлардың шыққан елі Қазақстан Республикасының кеден органдарымен сертификатта көрсетілген мәліметтердің тауарға ілеспе құжаттардағы

мәліметтермен сәйкестігінен кейін белгіленеді.

12. Сертификаттың немесе ондағы мәліметтердің, тауардың шыққан елі туралы мәліметтерді қоса, шынайылығына қатысты күдіктер туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органдары аталған сертификаттарды оларды әрі қарай тексеру үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті кеден кірістері Бас басқармасының кедендік-тарифтік, кедендік бақылау және кеден номенклатурасы бөліміне жібереді.

13. Егер жағрафиялық, техникалық шарттар бойынша тауар бірнеше мемлекеттердің аумақтары арқылы тасымалданатын болса, егер осы мемлекеттердің аумақтарында тауарды шығару жүргізілмеген болса, сертификатта көрсетілген мәліметтерді тауарға ілеспе құжаттардағы мәліметтермен сәйкестендіру мүмкіндігі кезінде өзге елдерге арналған сертификатты қабылдауға жол беріледі.

14. Заңда және осы Нұсқаулықта белгіленген барлық талаптардың сақталу шарты кезінде тауар осы елден шыққан деп саналады.

15. Тауардың еркін кеден аймақтарының және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан еркін қоймалардың аумақтарынан шығуы Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетпен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен белгіленген тәртіпте анықталады.

16. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарды әкету кезінде уәкілетті органмен берілген тауардың шығу сертификаты, егер ол тиісті өзара шарттарда көрсетілген немесе Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерімен қарастырылған жағдайларда тапсырылады.

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
1999 жылғы 10 желтоқсандағы  
N 612-Б бұйрығымен бекітілген  
Нұсқаулыққа N 1 қосымшаны  
қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің  
1999 жылғы 10 желтоқсандағы  
N 612-Б бұйрығымен бекітілген  
Нұсқаулыққа N 2 қосымша

---

1. Экспортер \_\_\_\_\_ 4.N.....  
(наименование и почтовый адрес)

Сертификат о происхождении  
товара  
Форма СТ-1

2. Грузополучатель \_\_\_\_\_ Выдан \_\_\_\_\_  
(наименование и почтовый адрес) (наименование страны)

Для предоставления в \_\_\_\_\_  
(наименование страны)

---

3. Средства транспорта и маршрут следования (насколько известно) 5. Для служебных отметок

---

6 N п/п 7. Количество мест 8. Описание товара 9. Вес брут. 10. Номер

и вид упаковки

то/нетто и да.

(кг)

та

счета

факту.

ры

---

11. Удостоверение

12. Декларация заявителя

Настоящим удостоверяется, что декларация заявителя соответствует действительности

Нижеподписавшийся заявляет, что вышеприведенные сведения соответствуют действительности, что все товары полностью произведены или подвергнуты достаточной переработке в

---

(наименование страны)

и, что они отвечают требованиям происхождения, установленным в отношении таких товаров

Подпись    Дата    Печать

Подпись    Дата    Печать

---

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.